

**ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ҚЫРҒЫЗ ТІЛДЕРІНДЕГІ ТҰРАҚТЫ
ТІРКЕСТЕРДІҢ ТАНЫМДЫҚ НЕГІЗІ**
THE COGNITIVE BASIS OF SUSTAINABLE COMBINATIONS OF
WORDS IN KAZAKH AND KYRGYZ LANGUAGES

Қарлығаш САРЕКЕНОВА*

Түйіндеме

Қазіргі таңда жалпы фразеологизмдерді белгілі бір халықтың, ұлттың көзқарасын, өзіндік тәжірибесін, жалпы алғанда, дүниетанымын талдап тану үшін когнитивтік тұрғыдан зерттеу қажеттілігі туындап отыр. Фразеологизмдердің бойында сол халықтың, ұлттың танымынан, шаруашылығынан, кәсібінен, мәдениетінен, жинақтай айтқанда, тұтас болмыс-бітімінен хабар беретін ақпарат болады. Осы орайда мақалада тұрақты тіркестерде ұлттық болмыстың даралық сипаты айқын көрінетіні талданып көрсетіледі. Оның ішінде қазақ және қырғыз тілдеріндегі тұрақты тіркестердің танымдық негізі мифтік тұрғыдан ғалымдар тұжырымдарымен байланыстырыла сөз болады.

Кілт сөздер: фразеологизм, сөз, миф, тұрақты тіркестер, қазақ және қырғыз тілдері.

Summary

It is now necessary to study cognitive terms in order to analyze common phraseology in order to analyze the identity of certain people, a nation, one's own experience and worldview. Phraseologisms contain information that conveys the whole truth about the collective knowledge, economics, profession and culture of this nation. In this case, the article analyzes permanent expressions of the identity of the national identity. In particular, the cognitive basis of regular expressions in the Kazakh and Kyrgyz languages is associated with the mythical findings of scientists.

Keywords: Phraseology, word, myth, regular expressions, Kazakh and Kyrgyz word, myth, sustainable collocation, Kazakh and Kyrgyz languages.

Жалпы фразеологизмдерді белгілі бір халықтың, ұлттың көзқарасын, өзіндік тәжірибесін, жалпы алғанда дүниетанымын талдап тану үшін когнитивтік тұрғыдан зерттеудің маңызы өте зор. «Таным процесі мен логикалық ойлау жалпы адамзаттық ортақ қасиет, ал бүкіл адам баласы үшін ақиқат шындық болмыс біреу болғандықтан ғаламның біртұтас бейнесі де әр басқа тілде сөйлейтін халықтар үшін

* Филология ғылымдарының кандидаты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті. Астана, Қазақстан.

Candidate of Philology, L. N. Gumilev Eurasian national University (ENU). Astana, Kazakhstan.

E-mail: sarekenova_kk@enu.kz

біреу-ақ. Сөйтсе де тіл иесінің ой-өресіне, концептуалды әлеміне байланысты әр тіл дүние ғаламның фрагменттерін өзінше өреді, бөлшектеп атайды, бейнелеп суреттейді, ал тіл өкілі ойының желісін өз тілінде бекіген ғалам бейнесінде құрады» (Сағидолда, 2011: 21). А. Потенбня тілдің танымдық қызметінің қоғамдық, жеке, қоғамдық әрі жеке деген үш түрлі деңгейін бөліп көрсетеді. Бұлай бөлуінде тіл арқылы танылатын дүние бейнесінің жалпы адамзатқа ортақтық жағы мен жеке индивид қабылдауымен алғандағы даралық сипаты жатыр. Тұрақты тіркестерде ұлттық болмыстың даралық сипаты айқын көрінетіні зерттеу еңбектерінде жүргізілген талдауларда нақты көрінеді. Себебі фразеологизмдердің бойында сол халықтың, ұлттың танымынан, шаруашылығынан, кәсібінен, мәдениетінен, жинақтай айтқанда, тұтас болмыс-бітімінен хабар беретін ақпарат болады. «Оның себебі тілдің сөздік қорындағы өзге категорияларға қарағанда фразеологизмдер мен идиомалардың табиғаты барынша бағзылық сипатымен, басқа тілге мазмұнын да, формасын да аударуға, қайта өңдеуге келе бермейтін тілдегі «құймалылығымен» ерекшеленеді. Сондықтан да тұрақты сөз тіркестері ұлт тіліне тән, сол тілде сөйлейтін, ұлттың тұрмыс-тіршілігі мен болмысын меңгерген адам ғана ұғына алатындай ерекшелік, даралық болып табылады» (Нұрдәулетова, 2011: 165). Ал ғалым Н. Уәлидің пайымдауынша, тұрақты сөз тіркестерінің табиғатына «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» тән, аз сөздің бойына халықтың дүниетанымы, барлық сезімдік категориялар тұтастай сыйып кеткен дейді: «Халық өзінің өткен дәуірлердегі наным-сенімін, түйсік-түсінігін, ой-қиялын, тыныс-тіршілігін аз сөздің аясына сыйдырып, әрі әрлі, әрі нәрлі етіп ерекше өрнектей білген. Түп төркіні беймәлім сөздердің сәті түсіп, кілті табылғандай болса, көп нәрсені баян етіп, халықтың өткендегі ой-қиялы, тыныс-тіршілігі, дүниетанымы туралы сыр шертіп тұрады» (Уәли, 2007: 38). Тұрақты сөз тіркестері жайлы ғалымдардың айтқан пікірлерін, ойларын саралай келе оған тән төмендегідей бірнеше қасиеттерді атап кетуге болады: бағзылық, көнелік; мазмұны да, формасы да аударуға келе бермейтін; халықтың наным-сенімі мен ой-қиялы, тыныс-тіршілігі бейнелетін нәрлі сөздер және т.б.

Қысқасы, фразеологизмдерде адам, қоғам, табиғат жөнінде тілдік ұжымның сан ғасырлық дәстүрлі білімдер жүйесі сақталғандығы бізге белгілі болды. Фразеологизмдер тіл қазынасының ерекше бір

қымбат дүниесі – сөз жүйесінің ішінде шоқтығы биік болып көрінетіні де сондықтан.

Қазақ дүниетанымының тілдегі көрінісі фразеологизмдер арқылы айқын көрінетіні белгілі. Ал дүниетанымның бір ұшы мифтік танымға барып тіреледі. Миф пен сөз бір-бірімен тығыз байланысты.

Адамзаттың алғашқы дүниетаным негіздері миф түрінде көрінді. Яғни мифологиялық дүниетаным – ең ежелгі адамдардың ойлау жүйесі, тарихи сананың бір формасы. Жалпы, мифтік дүниетанымды ежелгі, адамзат санасының сәбилік кезеңіне жатқызу және миф пен діни дүниетанымды қатар қарау ғылыми көзқарастарда көп орын алған.

Адам баласының қарым-қатынас құралына арналған тілдің пайда болуының мифтік санамен байланысын қарастыра отырып, фразеологизмдердегі мифотектониканы анықтау қазіргі тіл білімі үшін өте маңызды зерделеу деп білеміз.

Неміс ғалымы М.Мюллердің тұжырымы бойынша мифтік дәуір тілдің пайда болуындағы маңызды кезең, миф дегеніміз – тілдің таңбалық сипатын ғана емес, ойды жеткізетін бірден бір қайнар көз.

Мифті зерттеу шет елдерде XVIII ғасырлардан бастау алады. Осы ғасырдың 20-жылдарындағы еңбегінде Дж. Вико мифтік кезенді сипаттайтын алғашқы қауымдық құрылысқа, сол қоғамда өмір сүрген адамға назар аударады. Оның пікірінше, миф мәдениеттің пайда болуының алғашқы қайнар көзі. Дж. Вико алғаш рет мифті ғылыми нысанға алып, талдау жасайды.

XIX ғасырдың екінші жартысында мифологияны екі бағытта зерттеу орын алды. Бірінші бағыттағы – тарихи-салыстырмалы үндіеуропалық тіл білімі мен көне үнді-еуропа мифологиясы бағытындағы зерттеушілер Я. Гримм, А. Кун, В. Шварц, В. Манхардт, М. Мюллер, Ф. Буслаев, А. Афанасьев, А. Потебня; екінші бағыттағы, яғни антропологиялық және эволюциялық бағыттағы зерттеушілер Э. Тейлор, Э. Ленг, Г. Спенсер болды. Бұл бағыт негізінен кезендік даму ретінде қарастырып, этнографиялық тұрғыда салыстырмалы зерттеулер жасауға ұмтылды.

Украин ғалымы А. А. Потебня өзінің «Слово и миф» еңбегінде тіл мен мифті ұштастыра қарастырды. Ол тіл мен ойлау, сөз бен мифтің символдық теориясын жасады; мифтік таңбалар (символ) тіл мен ойлаудың байланысын білдіретіндігін айқындай отырып, мифті тілдің және рухани дамудың бастауы дейді. Тіл мифтік әлеммен тығыз байланысты, тілдің нақты сөздік көрінісі, бейнесі мифологиялық

дүниетаныммен байланысты болды, ғалымдар осы кезеңдегі тілдік танымды ұқсату, бейнелеу белгісімен түсіндіреді. Бұл жерде ғалым А. Н. Афанасьевтің сөз бен сөйлеу ең әуелі поэтикалық мәнге ие метафоралық түрде болғандығын алға тартады. Қазақ ғалымдарынан тілдің пайда болуы мен дамуын мифтік таныммен байланыстырып, лингвистикалық жақтан негіздеп зерттеу әлі де болса үстірт. Тілдің мифпен байланысын негізге ала отырып, фразеологизмдердің мифтік «ядросын» талдап түсіндіру жұмысы осы мақалада жүзеге асырылмақ.

Тіл мен мифологияны тығыз сабақтастықта деп танып, осы бағытта құнды тұжырымдар жасаған ғалым А. А. Потебня тілдік құбылыстың түп тарихында мифтік түсініктер мен бейнелердің трансформациясы жатыр, мифтік семантика сөздердің «астарында», яғни «ішкі қабатында» деп біледі. Оның символдар туралы теориясы тіл мен ойлау, сөз бен миф арақатынасын қамтиды. Потебня жүйелеген мифтік теорияның мәні сөздің семантикалық қатарын тіл мен ойлаудың тұтас контекстінде қарастыру ұстанымында жатыр. Славян халық поэзиясындағы символдарды зерттеу барысында ғалым мифтің символикалық теориясын түзді. Бұл теориялық ұстаным бойынша біздің қазіргі қолдануымыздағы кез келген сөз символ болып табылады. Себебі, олардың әрқайсысының тереңінде, түп бастауында мифтік мазмұн жатыр. Яғни сөзді, сөйлеуді тілтану тұрғысынан нысанға алғанда ондағы мифтік мазмұнға үңілудің мәні зор. Мифтің лингвистикалық теориясын ұсынушылар мен түзушілердің пікір-тұжырымдары бойынша бұл екі ұғым бір-бірімен тығыз байланыста. Сондықтан да болар, «Тілтану (лингвистика) ғылымы мифологиялық реконструкциясының ең басты құралы болып табылады, өйткені мифтің өзі көбіне сөз (ұғым, есім, атау), сөйлем, мәтін түрінде көрініс тауып, сол түрде тілде сақталады ғой. Тілтану мен мифтік реконструкция ажырамас жұпты құрайды. Тілтану салалары мен тармақтарының ішіндегі мифологиялық реконструкция үшін ең маңыздырағы семантика мен этимология болып табылады», - деген маңызды тұжырым жасайды мифтанушы С. Қондыбай (Қондыбай, 2004: 65-66).

Тілдің пайда болуын мифтік дүниетанымнан бөліп, екеуін алшақтату объективті түрдегі интерпретациялауға қол жеткізбейді. Сондықтан да ежелгі дүниетаным болып табылатын миф болмысын тілдік бөлшектерден іздестіру арқылы маңызды тұжырымдар шығары ақиқат.

Тілдік бейне, тілдік бөлшектер туралы сөз қозғағанда фразеологизмдерге тоқталудың мәні зор. Өйткені «фразеологизмдер – тіл иесі халықтың (этностың) күллі дүние-ғалам жайлы ұғым-түсініктерінің, өзін қоршаған шындық болмысты қабылдауының, мүшелей тануының өзіндік ерекшеліктеріне байланысты тіл-тілде өзгеше болып өрілетін дүниенің тілдік бейнесін жасауға қатысатын әсем де әсерлі сөз өрнектері, тілдік метафоралық композициялар» (Сағидолда, 2011) болып табылады.

Академик Р. Сыздық атап көрсеткендей, «белгілі бір образды ұғымда қалыптасып, поэтизмге айналған фразеологиялық тіркестердің» (Сыздықова: 1993: 28) «жадында» мифтік таным сақталып қалғанына әбден сенуге болады. Жалпы тілдің символдық, метафоралық ұғымдармен байланысын осы «образдылық», яғни, астарлы мағынамен байланыстыра қарастырған жөн.

Сонымен, фразеологизмдер қарабайыр емес, олар белгілі дәрежеде бейнелілік сипатқа ие. Сондықтан да фразеологияны салыстырмалы тұрғыда зерттеген Г.Сағидолланың поэтикалық фразеологизмдер туралы тұжырымына қосыла отырып, «Поэтикалық фразеологизмдер – суреттеме тұрақты сөз тіркестері, айрықша образды фразеологизмдер» (Сағидолда, 2011) екенін ескеріп, сөздің символ, метафора табиғаттылығының мәнін мифтерден іздейміз. Дүниенің болмысын бейнелеген тілдік модельдер ретіндегі фразеологизмдердің ішкі қабатында ұлттық дүниетаным, күллі жаратылыс, ғалам жайлы түсінік-танымдар жатыр. Бұған нақты талдаулар арқылы көз жеткізуімізге болады.

Қазақ фразеологизмдерінің ішінде «жеті қат жер», «төрткүл дүние» «үш әлем», «үш қиян», «сегіз қырлы, бір сырлы», «көшпелі дүние», «өткінші өмір» тіркестерінің байырғы танымдық астары терең. Біз айтып отырған «мифтік қабат» бұл мысалдардың бірінде айқын, бірінде көмескі түрде сақталған.

Жер бетінің пішінін мифтік дүниетанымда «төрт тарап», «төрткүл» сөзімен сипаттау беріде қазақтарға, арыда түркілерге тән. «Төрткүл» қазіргі қазақ тілінде қолданылатын сөз. Ол «Төрткүл дүние» тұрақты тіркесінің құрамында барынша түсінікті. «Төрткүл – түркілердің төл сөзі, ол «төрт бұрыш» дегенді білдіреді» дейді С.Қондыбай (Қондыбай, 2004: 149). Әуелгі қолданысында дүниенің горизонтальды пішінін сипаттайтын «төрткүл» кейінгі қолданысында тік беткейлі, үсті жазық төбелердің атауына айналғанына қазақ даласындағы «Хантөрткүл» атанған төбелер мысал.

Дүниенің төрт тарапты бейнесі «төрткүл», яғни «төртбұрыш» атауын туғызса, бұл сөздің табиғатында бағзы «мифтік жадымыз» сақталып қалған. «Мифтік-эпостық кеңістіктің моделі» (С.Қондыбай) саналатын төрткүл дүниенің кішірейтілген, «мөлтек», яки «шағын» моделі жанаша сипаттағы фразеологизмдермен бедерленді. Мысалы, XVII ғасырда өмір сүрген Ақтамберді жырау:

Өзенге бие байлатып,
Төскейге орда орнатып,
Төрткүлдеп ошақ қаздырып,
Төбел бие сойдырып,
Төменде бидің кеңесін,
Бізде бір құрар ма екенбіз, -

деп толғаса, қазіргі күннің ақыны Е.Раушанов: .

Ұмтылып көкке, бұлтты ембек болып керік тау,
Мұндана қапты миуасын жерге төгіп бау.
Төртқараларға төрткүлдеп ошақ қаздырып,
Төбел де бие сойғызар күзі келіпті-ау, -

деп жырлайды.

Баба қазақтар жыл басын қарсы алғанда төрткүлдеп ошақ қаздырып, етін асып, қымызын сапырып, сән-салтанатымен тойлайтыны белгілі. Төрткүл дүниені қоныс еткен елдің қасиетті саналатын ошағы да сол ғалам моделіне сәйкес «төрткүлдеп» қазылуы байырғы танымнан туындаған әрекет. «Төрткүлдеп ошақ қаздырған» бабалардың қарапайым тұрмыс-тіршілікті жұмбақ сырлы ғаламмен тығыз байланысқа құруының өзі маңызды үйлесімділікті көрсетеді.

Ғаламның көлденең моделі «төрткүл дүние» болса, тігіне кескінделетін пішіні «үш әлем» түрінде. Олар – жоғарғы, ортаңғы және төменгі әлем. Мифтік дүниетанымдағы бұл модель «үш» сөзімен байланысты туындаған фразеологизмдердің мифтік тектоникасы. Осы «үш әлемнен» «үш қиян» ұғымы туындағаны айқын. XIX ғасырда ғұмыр кешкен «зар заман» ақыны Мұрат Мөңкеұлының осы аттас толғауында «Еділдің бойы – қанды қиян, Жайықтың бойы – майлы қиян, Маңғыстаудың бойы – шаңды қиян» делініп, нақты сипаттама беріледі. Бұл атау «Қырымның қырық батыры» циклында көп кездеседі. «Үш қиян» тіркесімен ертерек заманда қазақ жерінің жалпы поэтикалық атауы пішінделуі де мүмкін. Оны С.Қондыбай еске салады (Қондыбай, 2004: 109). Ғаламның үш әлемнен тұратынына негізделген

танымнан туындаған «үш қиян» тіркесі де ұлттық тілдік-мәдени құрылымнан маңызды орын алады.

Түркі тектес халықтардың көшпенді тіршілігі, танымы «көшпенділер» мифологиясының жүйесін туындатты. Табиғатпен барынша жақын, оған тәуелді болған көшпенділер үшін жыл маусымдары, табиғат құбылыстары, уақыт мезеттері тылсымға толы сырлы әлем болды. Өздерінің қолайлы тұрмысы, ізгілік мұраттары үшін табиғат құбылыстарын өмірмен тығыз байланыстырып, ауа райын, жыл мезгілдерінің қалпын болжауға талпынды. Ғаламшарлар да көшпенділер үшін ерекше мәнге ие болды. Айды, Күнді, жұлдызды өздеріне бағдар етіп, тағдыры мен тұрмысын байланыстыру, оларды құрметтеу - көне түркілік мифологияның «алтын өзегіне» айналды. Оған мысал ретінде Алтай тілдері тобына жататын моңғол және түркі тілдері тобындағы қазақ тілдеріндегі ортақ сипатты фразеологизмдерді атауға болады. Мифтік «астары» терең фразеологизмдер қатарында «айы оңынан туды», «жанын аузына тістеді», «жұлдызы жарқырады» тіркестерінің бастау негізін, қайнар көзін іздесек, көшпенді тіршілік кешкен көршілес халықтардың танымы мен тұрмысындағы ұқсастықтарды көреміз. Түркі дүниесі үшін Айдың ерекше мәні бар. Ай – жердегі тіршілік үшін көктен сәулесін төгетін ғажап сырлы ғаламшар. Айға мінәжат ету, жаңа ай туғанда «ескі айда есірке, жаңа айда жарылқа» деген мағынада бата жасау дәстүрі ежелден келе жатыр. Ежелгі дәуір адамдары қандай да бір іс-әрекетті, «әсіресе, жорықтарды айдың және жұлдыздардың орналасуына қарай жасайды. «Айы оңынан туды» деген тіркес осы танымнан туындап, мәдени жадымызда сақталып, бүгінгі күнге дейін қолданыстан шықпай келеді. Фразеологизмдері салыстырмалы түрде зерттеуші Г.Сағидолла: «Жолы болу, істер ісінің сәті түсе қалу»; «төрт құбыласы түгенделіп, қуанышына, шаттыққа бөлену» деген мағына беретін қазақ тіліндегі айы оңынан, жұлдызы солынан туу фразеологизмін моңғол тілінің нар баруун хойноос гарах (сөзбе-сөз: «күн батыстан (оңтүстік батыстан) шығу, яғни күн теріс жақтан шығу») фразеологизмімен салғастырсақ, моңғолдық тұрақты тіркес пен қазақ тіліндегі фразеологизм бірдей образдық модельге негізделіп, синтаксистік құрылым тұрғысынан да өзара ұқсас болып келгендігін байқауға болады» (Сағидолла, 2011), - дей отырып, бұлардың фразеологиялық жиынтық мағыналары бір-бірінен алшақ екенін айтады. Алайда, екі тілдегі тіркестердің жақындығы да бар. Ол жақындық – өмірдегі іс-әрекет пен пенделік көңіл-күй құбылыстарын ғаламшар қозғалысымен жеткізу. Адам мен

табиғатты тұтастықта, бірлікте таныған байырғы көшпенділік мифтік танымның жақындығын осылай пайымдауымызға болады.

Ай сияқты Жұлдыздың да «мифтік» дара бітімі бар. Ш.Уәлиханов атап көрсеткендей, «көктегі әрбір жұлдыз жердегі бір адамның жанына сәйкес келеді. Егер адам дүниеден қайтса, көктегі жұлдыз жерге ағып түседі. Қазақтар аққан жұлдызды көрсе «жұлдызым жоғары» деп бірнеше рет қайталап айтады. Бақытты адамды «жұлдызы жанған жан» дейді» (Валиханов, 1958: 155-156). «Жұлдызы жарқырады» тіркесінің мифтік мәнін осылай тануға болады.

«Жан ұшыру» деген тіркес адамның қалпын танытады. «Жан» ұғымын мифтік тұрғыда ұшатын құс немес шыбын түрінде таныту орын алғаны белгілі. «Аманат жан» ұғымының қалыптасуы да жанның тәннен өзге жақта да әрекет ете алатынына сенуден туындаған. Осы мағынаға барынша жақын «Жанын аузына тістеу» тіркесі жан мен рухқа қатысты танымды жаңғыртады. «Жаны көзіне көрінді» тіркесі де көшпелі тұрмыс кешкен халықтардың дүниені «көшпелі» деп таныған сенімін аңғартады.

Қырғыз халқының ертегілерінде кездесетін тұрақты тіркестер мәтін жағынан байырғы дүниетанымдық қабатты жаңғырта отырып, символдық-поэтикалық мәнімен ерекшеленеді. Олар: «бұлтты көктің асты, буынды шөптің үсті», «жүректей жерден жұлындай түтін шығу» (Қырғыз халық ертегілері, 1902: 41), «өлместің күнін көріп, өшпестің отын жағып» (Қырғыз халық ертегілері, 1902: 9) т.б.

Адам мекен етер кеңістік – «бұлтты көктің асты, буынды шөптің үсті». Ол тек қырғыздарға ғана емес, басқа да түркілерге тән таным. Сол мекенде әрбір тіршілік иесі «жүректей жерден жұлындай түтін шығарып», алда-жалда қиындыққа тап болып, тұрмысы ауыр болса «өлместің күнін көріп, өшпестің отын жағып» күн кешпек. Қалай болғанда да ғаламның «төрттік» (көлденең) және «үштік» (тігінен) пішіні, оның сан қатпарлы құрылымы тілдік-мәдени кеңістікте өзіндік «мифтік» болмысын жоғалтпай, адамзаттық ғұмырдың архаикалық «бастау» негізіне айналып, «тамыр» ретінде көктеп шығар бұтағы мен бүршік жарар жапырағына нәр береді. «Ғаламның тілдік моделін таразылағанда, мифтік-архетиптік құрылым ішкі» ядросына айналған фразеологиялық тіркестердің ұлттық сана мен болмысты шындай түсудегі маңызын естен шығармаған жөн.

Әдебиеттер

1. Сағидолла Г. С. (2011). *Түркі-моңғол дүние бейнесінің тілдік фрагменттері*. – Астана: Сарыарқа. – 304 б.
2. Нұрдәулетова Б. И. (2011). *Когнитивтік лингвистика*. Оқулық. – Алматы: ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастығы, – 312 б.

3. Уәли Н. (2007). *Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері*. Филол. ғыл. док. дисс.автореф: 10.02.02. – Алматы: А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, - 58 б.
4. Қоңдыбай С. (2004). *Арғықазақ мифологиясы*. Бірінші кітап. – Алматы: Дайк-Пресс, – 512 б.
5. Сыздықова Р. Ф. (1993). *Қазақ әдеби тілінің тарихы*. – Алматы.
6. Валиханов Ч. Ч. (1958). *Избранные произведения*. – Алматы.
7. *Қырғыз халық ертегілері*. (1992). Алматы: Қазақстан, – 176 б.

Özet

Günümüzde, dünya görüşünün genel kendini ifade etmesini ve bireyin, bir grup insanın veya bir ülkenin bütününe birikmiş deneyimini analiz eden bilimsel terimleri araştırmaya ihtiyaç vardır. Deyimler, bir ülkenin ekonomi, ev hayatı ve kültürü hakkında ortak bir bilgi içerir. Makalede, ülkenin özünü ve içinde yaşayan toplumu gösteren kararlı ifadeleri ele almaktadır. Kazak ve Kırgız Türkçelerindeki düzenli ifadeler ve ayrıca bilim adamlarının efsaneler ve efsaneler alanındaki keşiflerine özellikle dikkat edilmektedir.

Anahtar kelimeler: Deyimler, kelime, efsane, ifadeler, öykü, eşdizimlilik,
(Sarekenova K. Kazak ve Kırgız Türkçelerindeki Deyimlerin Bilişsel Temeli)

Резюме

В настоящий момент существует необходимость исследования научных терминов, анализирующих общего самовыражения мировоззрения и накопленного опыта личности, группы людей либо целой страны. Фразеологизмы содержат в себе коллективное знание об экономике, бытовой жизни и культуре этой страны. В статье рассматриваются устойчивые выражения, показывающие сущность страны и проживающего в ней общества. Особое внимание уделено упорядоченным выражениям в казахском и киргизском языках, а также открытия ученых в области легенд и преданий.

Ключевые слова: Фразеология, слово, легенда, устоявшиеся выражения, предание, словосочетание
(Sarekenova K. Понятийные основы устоявшийся словосочетаний в казахском и киргизском языках)